

**"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 4 мамырдағы № 140 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 қыркүйектегі № 262 қаулысы. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 9 қазанда № 9-17-81 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы 2010 жылғы 5 қаңтардағы № 2 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы 2010.01.05 № 2 қаулысымен.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес және кадрлар өзгерістеріне байланысты Сарыкөл ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 4 мамырдағы № 140 қаулысына (2009 жылғы 18 шілдедегі "Сарыкөл" газетінде жарияланған нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 9-17-77) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген әскерге шақыру комиссиясының құрамына: енгізілсін: Талғат Қаирбекұлы Өтегенов – "Қостанай облысы Сарыкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (ММ) бастығы, комиссиясының төрағасы (келісім бойынша);

Николай Николаевич Сорокопуд – "Сарыкөл ауданының ішкі істер бөлімі" ММ бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Евгений Николаевич Ткаченко - дәрігер-хирург, медициналық комиссияның төрағасы болып.

шығарылсын: В.В. Слободюк, Е.С. Шопағұлов, В.А. Селицкая.

2. Осы қаулы ол алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

ауданының әкімі  
КЕЛІСІЛДІ

Қ. Ғабдулин

"Сарыкөл ауданының қорғаныс істері  
жөніндегі бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің (ММ) бастығы  
----- Т. Өтегенов

21.09.2009

"Сарыкөл орталық аудандық ауруханасы"  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорны бас дәрігері  
----- Ж. Құсаинов

21.09.2009

"Сарыкөл ауданы ішкі істер бөлімі"  
М М б а с т ы ғ ы  
----- Т. Киакбаев

21.09.2009